# Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 желтоқсан N 1602

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Ақпарат" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.20. N 1062 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекіту кезінде қызметінің негізгі мәні бұқаралық ақпарат құралдары саласында өндірістік-шаруашылық қызметін; баспа, полиграфия, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру; жұмыс жағдайын материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және прокуратура органдарының ғимараттарын, құрылыстарын, жабдықтарын, инженерлік желілерін, көлік құралдарын, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерін және өзге мүліктерін пайдалану деп белгілесін; <*>

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін; <*>

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.20. N 1062 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1602 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. < * >

3. < * >

Ескерту. 2,3-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.10.20. N 1062 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1602 қаулысына
қосымша

| р/с N | Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта құрылатын еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының атаулары және олардың орналасқан жерлері | Құрылатын ашық акционерлік қоғамдар атаулары және олардың орналасқан жерлері |
|---|---|---|
| 1 | "Ақпарат-Көкшетау" Көкшетау қаласы | "Ақпарат-Көкшетау" ашық акционерлік қоғамы Көкшетау қаласы |
| 2 | "Ақпарат-Жетісу" Алматы қаласы | "Ақпарат-Жетісу" ашық акционерлік қоғамы Талдықорған қаласы |
| 3 | "Ақпарат-Алматы" Алматы қаласы | "Ақпарат-Информ" редакциялық-баспа орталығы" ашық акционерлік қоғамы Алматы қаласы |
| 4 | "Ақпарат-Атырау" Атырау қаласы | "Ақпарат-Атырау" ашық акционерлік қоғамы Атырау қаласы |
| 5 | "Ақпарат-Шығыс" Өскемен қаласы | "Ақпарат-Шығыс" ашық акционерлік қоғамы Өскемен қаласы |
| 6 | "Ақпарат-Тараз" Тараз қаласы | "Ақпарат-Тараз" ашық акционерлік қоғамы Тараз қаласы |
| 7 | "Ақпарат-Батыс" Орал қаласы | "Ақпарат-Батыс" ашық акционерлік қоғамы |

Орал қаласы

8 "Ақпарат-Ақтөбе" Ақтөбе қаласы "Ақпарат-Ақтөбе" ашық акционерлік қоғамы Ақтөбе қаласы

9 "Ақпарат-Ақтөбе жолы" Ақтөбе қаласы "Ақпарат-Ақтөбе жолы" ашық акционерлік қоғамы Ақтөбе қаласы

10 "Ақпарат-Астана жолы" Астана қаласы "Ақпарат-Астана жолы" ашық акционерлік қоғамы Астана қаласы

11 "Ақпарат-Қарағанды" Қарағанды қаласы "Ақпарат-Қарағанды" ашық акционерлік қоғамы Қарағанды қаласы

12 "Ақпарат-Қостанай" Қостанай қаласы "Ақпарат-Қостанай" ашық акционерлік қоғамы Қостанай қаласы

13 "Ақпарат-Қызылорда" Қызылорда қаласы "Ақпарат-Қызылорда" ашық акционерлік қоғамы Қызылорда қаласы

14 "Ақпарат-Маңғыстау" Маңғыстау қаласы "Ақпарат-Маңғыстау" ашық акционерлік қоғамы Маңғыстау қаласы

15 "Ақпарат-Павлодар" Павлодар қаласы "Ақпарат-Павлодар" ашық акционерлік қоғамы Павлодар қаласы

16 "Ақпарат-Солтүстік" Петропавл қаласы "Ақпарат-Солтүстік" ашық акционерлік қоғамы Петропавл қаласы

17 "Ақпарат-Оңтүстік" Шымкент қаласы "Ақпарат-Оңтүстік" ашық акционерлік қоғамы Шымкент қаласы

18 "Ақпарат-Орталық" Алматы қаласы "Ақпарат-Орталық" ашық акционерлік қоғамы Алматы қаласы

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК